

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Экономика және басқару факультеті
Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің
№ 2 хаттамасы

Түркістан қаласы

15.10.2025 ж.

Қатысқандар: факультет деканы Йылмаз Узун, факультеттің Оқу-әдістемелік комитет төрағасы аға оқытушы А.Алимбаева, оқу ісі жөніндегі декан орынбасары С.Ерназарова, кафедра меңгерушілері: э.ғ.к., профессор Азиретбергенова Гульмира Жарылхасыновна, PhD, доцент Құралбаев Алмас Ахметкаримович, PhD, Анламасова Макпал Касымхановна, кафедралардың оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты оқытушылар: М.Оспанкулова, Қ.Қаныбекова, А.Кенжебаева және ОПҚ.

Күн тәртібі :

1. Қысқы сессия емтихан сұрақтары мен тапсырмаларын талқылау, бекіту.
2. Кәсіби бағдар бойынша жұмыс жоспарын талқылау
3. 2025-2026 оқу жылында ҚР БҒМ Реестріне тіркелген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының іске асырылуына талдау жасау.
4. «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2025» байқауына қатысатын үміткерлер тізімін анықтау.
5. Бітіруші студенттер мен магистранттар, докторанттар үшін қорытынды аттестаттау пәндерінің тізімін талқылап, емтихандардың сұрақтарын талдау, бағдарламаларын бекітуге ұсыну және бітіру жұмысы формасын (диплом жұмысы/дипломдық жоба) анықтау.
6. Дипломдық, магистрлік докторлық жұмыстардың (жоба) тақырыптарын, жетекшілерін, пікір берушілерін талқылау, бекітуге ұсыну
7. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағалары мен комиссия құрамын анықтау
8. Білім беру бағдарламалары бойынша түлектердің жұмысқа орналасу күзиреттілігін талдау
9. 2025-2026 оқу жылында қысқы сессия емтихандарын қабылдау түрін бекітуге ұсыну
10. Кафедралардың оқу-әдістемелік жұмыс жоспарларын талқылау
11. Өзара және ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтарда ОПҚ-ның интербелсенді оқыту әдістерімен тәжірибе алмасу барысы
12. ОПҚ-ның оқу, оқу-әдістемелік басылымдарының орындалу барысы мен сарапшы және рецензенттер бекіту
13. Әр түрлі мәселелер

ТЫНДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша факультет деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Ерназарова сөз алып; 2025-2026 оқу жылының I-жартысында факультетке қарасты кафедралар бойынша емтихан түрлері жазбаша, тест, жоба қорғау, тәжірибелік болатынын айтты. Емтихан сұрақтарын пәндер бойынша ұсынылатын емтихан жоба, тәжірибелік тақырыптарын, оларды бағалау критерийлерін әзірлеу және бекітуге ұсыну қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар емтихан жобасын орындау бойынша білім алушыларды ағымдық емтихан ережесімен, бағдарламалық сұрақтармен және тұрақты кеңестер беру ұйымдастырылуы қажет екендігін айтты.

ШЕШІМ:

1.1 2025-2026 оқу жылының I-жартысындағы қысқы сессияда емтихан қабылданатын пәндердің емтихан сұрақтары, жоба тақырыптары бекітілсін және емтихан

жобасын орындау бойынша білім алушыларды ағымдық емтихан ережесімен, бағдарламалық сұрақтармен және тұрақты кеңестер беру ұйымдастырылсын.

Екінші мәселе бойынша Экономика қаржы және есеп кафедрасының меңгерушісі Г.Әзіретбергенова сөз алып; 2025-2026 оқу жылына талапкерлерді қабылдау үшін кәсіби бағыт беруге арналағн үгіт-насихат жұмыстарының ұйымдастырылуы, жүргізілуі жөнінде айтты. ОПҚ кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізетін мектептер тізімін ұсынды.

Келесі сөз кезегін Халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі М.Анламасова сөз алып; Жоспар бойынша оқытушылар мектептерге үгіт насихат жүргізу үшін баратын кесте әзірленгенін айтты.

ШЕШІМ:

2.1 Факультет кафедраларында іске асырылатын білім беру бағдарламалары бойынша 2026-2027 оқу жылына талапкерлерді қабылдау үшін кәсіби бағыт беруге арналған үгіт-насихат жұмыстары ұйымдастырылып, жүргізілсін.

Үшінші мәселе бойынша Менеджмент және туризм кафедрасының меңгерушісі А.Құралбаев сөз алып; әзірленген, жаңартылған ББ-ны Реестрге енгізу жайлы қарастырсақ. 2025-2026 оқу жылына жаңадан білім беру бағдарламасы дайындалды, қазіргі таңдағы жаңалықтарды назарға алатын болсақ, жасанды интеллектіні білім беру бағдарламаларына жаңа пән ретінде қосылып, пән мазмұндарына енгізілгендігі білімгерлердің заманауи технологияларды меңгеріп, аналитикалық ойлау мен инновациялық шешімдер қабылдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретіндігін айтып өтті.

ШЕШІМ:

3.1 2025-2026 оқу жылында ҚР БҒМ Реестріне тіркелген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының іске асырылуы туралы ақпарат назарға алынсын.

Төртінші мәселе бойынша факультет деканы Й.Узун сөз алып; факультетте профессор-оқытушылар ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша республикалық «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2025» конкурсына төменде көрсетілген ОПҚ ұсынылғандығын атап өтті. Мәжіліс мүшелеріне үміткерлердің ғылыми еңбектерін қысқаша таныстырып және үміткерлердің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2025» конкурсына университет деңгейіндегі кезеңіне қатысуларына қолдау білдіруді ұсынды. Мәжіліс мүшелері бірауыздан қолдады.

№	ОПҚ толық аты жөні	Кафедрасы	Ғылыми дәрежесі, атағы	Жұмыс өтілі	Туылған жылы	Телефон нөмірі (ватсапқа тіркелген)
1	Куралбаев Алмас Ахметкаримович	Менеджмент және туризм	PhD, аға оқытушы	23	1979 жыл	87052569861
2	Мырзабекқызы Құндыз	Экономика, қаржы және есеп	қауымдасты рылған профессор(д оцент), PhD докторы	20	1982 жыл	87475700211
3	Сыздыкова Азиза Оралбайқызы	Экономика, қаржы және есеп	қауымдасты рылған профессор(д оцент), PhD	6	1991 жыл	87025629191

			докторы			
4	Амирбек Айдарбек Ануарбекулы	Халықаралық қатынастар	қауымдасты рылған профессор(д оцент), PhD докторы	23	1980 жыл	87757718764

ШЕШІМ:

4.1 «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2025» конкурсына жоғарыда аталған үміткерлер ұсынылсын.

Бесінші мәселе бойынша; факультет деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары С. Ерназарова сөз алып; Бітіруші студенттер мен магистранттар, докторанттар үшін қорытынды аттестаттау пәндерінің тізімін талқылап, емтихандардың сұрақтарын талдау, бағдарламаларын бекітуге ұсыну және бітіру жұмысы формасын (диплом жұмысы/дипломдық жоба) анықтау. (1 қосымшада)

Алтыншы мәселе бойынша; Факультет деканы, мәжіліс төрағасы PhD, аға оқытушы Й. Узун сөз алып; 2025-2026 оқу жылында D071-Мемлекеттік және жергілікті басқару даярлау білім тобының 8D04114-Мемлекеттік және жергілікті басқару білім беру бағдарламасы, 8D04106 - Экономика білім беру бағдарламалары бойынша докторантураға 3 білімгер қабылданғанын және 7M03117-Саясаттану және 7M03140-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламалары бойынша магистратураға 2 білімгер қабылданғанын айтты.

PhD докторантурада кадрлар даярлау магистратураның білім беру бағдарламаларының базасында жүзеге асырылады, яғни, докторантураға 6M051000-Мемлекеттік және жергілікті басқару магистрі Расулов Жавланбек Шафкатович және 6N0502 – Саясаттану магистрі Амангелді Қалыбек Ілесбайұлы, 8D04106 - Экономика білім беру бағдарламасы бойынша Лазиза Нұсқабаева қабылданған. Ал, магистратураға M063-Саясаттану және конфликтология білім беру бағдарламасы бойынша Амангелді Бакберген Дәуренұлы, M064-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасы Тұрғанбаев Бейбарыс Нартайұлы қабылданған.

Мәжіліс төрағасы докторанттардың өтініші мен жетекші негіздемесіне сәйкес 8D04114-Мемлекеттік және жергілікті басқару білім беру бағдарламасына 2025-2026 оқу жылында 1-курсқа қабылданған докторанттың отандық және шетелдік ғылыми жетекшілерді бекіту бойынша Расулов Жавланбек Шафкатович сөз алды. Ең алдымен кафедра меңгерушісі докторант өтінішіне сәйкес ғылыми жетекшілері ретінде ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының профессоры, э.ғ.д. Джунусбекова Гульсара Аширбаевна және шетелдік жетекшісі ретінде Хажатепе университеті, Экономика және әкімшілік ғылымдар факультеті, «Саясат ғылымы және мемлекеттік басқару» кафедрасының профессор PhD докторы Доған Нади Леблебижи (Prof. Dr. Doğan Nadi Leblebici) ұсынып отырғанын айтып өтті. Жетекшілікке келісімін алғандығын айтып өтті.

Мәжіліс төрағасы екінші докторант Амангелді Қалыбек Ілесбайұлының өтініші мен жетекші негіздемесіне сәйкес 8D04114-Мемлекеттік және жергілікті басқару білім беру бағдарламасына 2025-2026 оқу жылында 1-курсқа қабылданған докторанттың отандық және шетелдік ғылыми жетекшілерді бекіту бойынша Амангелді Қалыбек Ілесбайұлына сөз берді. Кафедра меңгерушісі докторант өтінішіне сәйкес ғылыми жетекшілері ретінде докторант өтінішіне сәйкес ғылыми жетекшілері ретінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Экономика және басқару факультеті, Менеджмент

және туризм кафедрасының оқытушысы PhD аға оқытушы Масадиков Хайрулла Гайбуллаевичті және шетелдік жетекшісі ретінде Чанаккале Онсегіз март университеті, «Саясат ғылымы және мемлекеттік басқару» кафедрасының профессор PhD докторы Олкан Сенемоглу (Prof. Dr. Olkan Senemoğlu) ұсынып отырғанын айтып өтті. Жетекшілікке келісімін алғандығын айтып кетті.

Мәжіліс төрағасы үшінші докторант Лазиза Нұсқабаеваның өтініші мен жетекші негіздемесіне сәйкес 8D04106 - Экономика білім беру бағдарламасына 2025-2026 оқу жылында 1-курсқа қабылданған докторанттың отандық және шетелдік ғылыми жетекшілерді бекіту бойынша Лазиза Нұсқабаеваға сөз берді. Докторант өтінішіне сәйкес, кафедра меңгерушісі ғылыми жетекшілері ретінде докторант өтінішіне сәйкес ғылыми жетекшілері ретінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Экономика және басқару факультеті, Экономика, қаржы және есеп кафедрасының меңгерушісі э.ғ.к., профессор Г.Ж.Азретбергенованы және шетелдік жетекшісі ретінде доктор Джихан Танриовен, Түркия Республикасы, Анкара Хаджи Байрам Вели университеті, Экономика және басқару ғылымдар факультеті, Іскерлік басқару және Бизнес кафедрасының профессоры ұсынып отырғанын айтып өтті. Жетекшілікке келісімін алғандығын айтылды.

Келесі кезекте, мәжіліс төрағасы магистранттардың ғылыми жетекшілері мен диссертация тақырыптарын бекітуге байланысты бірінші магистрант Амангелді Бақберген Дәуренұлының өтініші мен жетекші негіздемесіне сәйкес M063-Саясаттану және конфликтология білім беру бағдарламасы 2025-2026 оқу жылында 1-курсқа қабылданған магистрант ғылыми жетекшісімен диссертация тақырыбын бекіту бойынша Амангелді Бақберген Дәуренұлына сөз берді. Ең алдымен кафедра меңгерушісі магистрант өтінішіне сәйкес ғылыми жетекшісі ретінде Еуразия ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері, саясаттану бойынша философия докторы (PhD) Н.Муминов ұсынып отырғанын айтып өтті. Ал, диссертация тақырыбы, Мемлекеттік басқарудағы жасанды интеллект: Ішкі және сыртқы саясатты қалыптастырудағы мүмкіндіктер мен тәуекелдер (Искусственный интеллект в государственном управлении: возможности и риски при формировании внутренней и внешней политики, Artificial Intelligence in Governance: Opportunities and Risks in Domestic and Foreign Policy Formulation, Kamu Yönetiminde Yapay Zeka: İç ve Dış Politika Oluşturma Sürecinde Fırsatlar ve Riskler) бекітілуге ұсынылып отыр.

Мәжіліс төрағасы екінші магистрант Тұрғанбаев Бейбарыс Нартайұлының өтініші мен жетекші негіздемесіне сәйкес M064-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасы 2025-2026 оқу жылында 1-курсқа қабылданған магистрант ғылыми жетекшісімен диссертация тақырыбын бекіту бойынша Амангелді Бақберген Дәуренұлына сөз берді. Кафедра меңгерушісі магистрант өтінішіне сәйкес ғылыми жетекшісі ретінде Еуразия ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері, саясаттану бойынша философия докторы (PhD) Н.Муминов ұсынып отырғанын айтып өтті. Ал, диссертация тақырыбы, Мемлекеттік басқарудағы жасанды интеллект: Ішкі және сыртқы саясатты қалыптастырудағы мүмкіндіктер мен тәуекелдер (Искусственный интеллект в государственном управлении: возможности и риски при формировании внутренней и внешней политики, Artificial Intelligence in Governance: Opportunities and Risks in Domestic and Foreign Policy Formulation, Kamu Yönetiminde Yapay Zeka: İç ve Dış Politika Oluşturma Sürecinde Fırsatlar ve Riskler) бекітілуге ұсынылып отыр.

Аталған азаматтар жетекшілік ету талаптарына сай келуі және толық келісімінің болуына байланысты мәжіліс төрағасы дауысқа салды. Факультет мәжілісіне қатысушылар өз пікірін білдіріп, PhD аға оқытушы А. Куралбаев алдағы уақытта жетекшілікті бекітуде ережелерді қайта қарауды ұсынып өтті. Мәжіліс мүшелері аталған екі ұсынысты толық қолдады.

ШЕШІМ:

6.1 8D04114-Мемлекеттік және жергілікті басқару білім беру бағдарламасы, 8D04106-Экономика білім беру бағдарламасы бойынша 2025-2026 оқу жылында 1-курсқа қабылданған докторанттардың жетекшілерін және 7M03117-Саясаттану және 7M03140-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламалары бойынша 2025-2026 оқу жылында 1-курсқа қабылданған магистранттардың жетекшілері мен тақырыптарын бекіту университеттің Ғылыми комитетіне ұсынылсын.

Жетінші мәселе бойынша; Күн тәртібіндегі келесі мәселе Білім алушыларды қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағалары мен комиссия құрамын анықтау. (2 қосымшада)

Сегізінші мәселе бойынша; Білім беру бағдарламалары бойынша түлектердің жұмысқа орналасу құзіреттілігін талдауда Факультет деканы, мәжіліс төрағасы PhD, аға оқытушы Й. Узун сөз алып; 2024-2025 оқу жылындағы түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішін ұсынды. Көрсеткіштер төмен деңгейде түлектермен байланыс жасауды күшейтуді тапсырды.

Білім беру бағдарламалары	2025 жылғы түлектердің саны мен жұмысқа орналасуы туралы мәліметтері және көрсеткіштері					
	жалпы саны	жұмысқа орналасқандар	оқуын жалғастырығандар	балл күтімінде/әскерде / мүгедек	шетел азаматтары	құжаттармен % -дық көрсеткіш
1. 6B03138-Халықаралық қатынастар	30	1	2	1	11	50%
2. 6B04140-Менеджмент	14	3	2	1	2	60%
3. 6B04141-Мемлекеттік және жергілікті басқару	15	3	1	1		33%
4. 6B04142-Экономика	15	2			7	60%
5. 6B04143-Есеп және аудит	14	5				35,7%
6. 6B04144-Қаржы	21	10		3	2	71,4%
7. 6B11157-Туризм	9	3	1		4	67%
Факультет бойынша	125	27	6	6	26	52%

Білім беру бағдарламалары	2025 жылғы түлектердің саны мен жұмысқа орналасуы туралы мәліметтері және көрсеткіштері								пайыздық көрсеткіш, %
	жалпы саны	жұмысқа орналасқан	оқуын жалғастырыған	әскерде	балл күтімінде	шетел азаматтары	мүгедектер	жұмыссыздар	
1. 7M03117-Саясаттану	2	2	-	-	-	-	-	-	100%
2. 7M03140-Халықаралық қатынастар	1	-	-	-	-	1	-	-	100%
3. 7M04119-Менеджмент	1	1	-	-	-	-	-	-	100%
4. 7M04120 Есеп және аудит	1					-	-	-	??%
5. 7M04121-Мемл. және жергіл. басқ.	2	2	-	-	-	-	-	-	100%
6. 7M04141-Қаржы	1					-	-	-	??%

ШЕШІМ:

8.1 2024-2025 оқу жылындағы түлектермен жұмыс, байланыс жасау күшейтілсін.

Оныншы мәселе бойынша; кафедралардың оқу-әдістемелік жұмыс жоспарларын талқылау. Факультеттің оқу-әдістемелік төрағасы А.Алимбаева сөз алып; кафедралардың 2025–2026 оқу жылына арналған оқу-әдістемелік жұмыс жоспарлары қаралды. Жоспарлар пәндердің оқу бағдарламаларына, академиялық күнтізбеге және білім беру бағдарламаларының мақсаттарына сәйкес әзірленгені атап өтілді.

Баяндамашы кафедралар тарапынан әдістемелік нұсқаулықтар, оқу құралдары, электрондық ресурстар дайындау бойынша ұсыныстар енгізілгенін жеткізді.

Талқылау барысында оқу сапасын арттыруға бағытталған қосымша шаралар мен бірлескен әдістемелік семинарлардың өткендігі туралы айтылды.

ШЕШІМ:

Кафедралардың 2025–2026 оқу жылына арналған оқу-әдістемелік жұмыс жоспарлары мақұлданын. (Жауапты: Факультеттің оқу-әдістемелік төрағасы А.Алимбаева)

Он бірінші мәселе бойынша Күн тәртібіндегі келесі бойынша факультеттің оқу-әдістемелік төрағасы А.Алимбаева сөз алып; кафедралардың өзара сабаққа кіру және ашық сабақтар кестеге сәйкес өткізіліп, кафедраның оқу-әдістемелік мәжілісінде талқыланып, арнайы журналда толтырылуда. Ашық сабақтар барысында түсіну тиімділігін арттыру үшін интерактивті әдістер қолданылды. Білім алушылардың қызығушылығын үнемі жандандырып отыру үшін өмірлеріне қатысты сұрақтар қойылды және топтарға бөліп, логикалық қорытындылар жасауға үйретілді. Сабақтарда слайд, бейнероликтер, кестелер қолданылды. Оқытушылардың өзін-өзі ұстауы, сөз саптауы, қашықтықтан жұмыс жасауы, студенттермен қарым-қатынасы жақсы. Білім алушылар сабаққа белсенді қатысып, сұрақ-жауап әдістерін қолдану арқылы сабаққа белсенді жауап беріліп отырды. Бағалау өз деңгейінде жүргізілді. Сабақтар ЖОО талабына сай өз деңгейінде өтті.

Экономика және басқару факультетіне қарасты кафедралардың өзара сабақтарына қатысу барысы бойынша:

Ашық сабақтарға қатысу мақсаты:

- оқу үдерісін оқу әдебиетімен және ғылыми-әдістемелік әзірлемелермен қамтамасыз ету мониторингін жүзеге асыру; оқу процесіне заманауи оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік, дидактикалық материалдар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді, ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін, ақпараттық-кітапханалық жүйелерді және т. б. енгізу.
- озық педагогикалық тәжірибені жинақтау, тарату және білім беруді ақпараттандыру бойынша іс-шаралар өткізу.

Қатысқан ашық сабақтарды талдау нәтижелері, ұсыныстар:

Жалпы, ашық сабақтардың өту деңгейі, оқытушылардың оқытудың әр түрлі жаңа технологияларын қолданудағы мүмкіндіктері, сабақ кезінде студенттердің уәждемесін, олардың белсенділігін анықтау, кәсіби деңгейде өткізілген ашық сабақтардың материалдарын тарату түрінде ұсыну және жас оқытушылар арасында тарату, тәжірибені тарату мақсатында жас педагогтар үшін мастер-класс өткізу, т.б.

Кафедраларда өзара сабаққа қатысу журналдары жүргізіледі, оқытушылар өткізілген сабақтар туралы өз пікірлерін қалдырады, сабақтың сапасын, кемшіліктерін атап өтеді, сабақтарды өткізу сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар мен тілектер айтады.

№	Кафедра атауы	Жоспарланғаны
1	Менеджмент және туризм	10
2	Халықаралық қатынастар	10
3	Экономика, қаржы және есеп	8
	Барлығы	28

ШЕШІМ:

11.1 Оқытушы-профессорлардың өзара сабаққа кіру және ашық сабақтардың орындалу барысындағы іс-шараларының өткізілу барысы мен нәтижелері қанағаттанарлық деп табылсын.

Он екінші мәселе бойынша факультеттің оқу-әдістемелік төрағасы А.Алимбаева сөз алып; Экономика және басқару факультетінің 2025-2026 оқу жылында оқытушы-профессор құрамы дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқаулықтарын бағыттар бойынша сараптайтын эксперттік комиссия құрамына төменде аты-жөні көрсетілген оқытушыларды тағайындауға ұсыныс білдірді. Мәжіліске қатысушы ОПҚ бірауыздан мақұлдады.

№	№	Сарапшының аты-жөні	Факультеті	Кафедрасы	Ғылыми дәрежесі
	1	Келесбаев Динмухамед Нурмаханбетович	Экономика және басқару	Менеджмент және туризм	Phd, профессор
	2	Өзіретбергенова Гүлмира	Экономика және басқару	Экономика, қаржы және есеп	э.ғ.к., профессор
	3	Анламасова Мақпал	Экономика және басқару	Халықаралық қатынастар	PhD, аға оқытушы

ШЕШІМ:

12.1 ОПҚ-ның оқу, оқу-әдістемелік басылымдарының орындалу барысы мен сарапшы және рецензенттер бойынша жоғарыда көрсетілген профессор-оқытушылар бекітуге ұсынылсын.

Әр түрлі мәселелер

Факультеттің Оқу-әдістемелік
комитет төрағасы

А.А.Алимбаева